

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Баймухамбетова К.М.¹, *Есназар А.Ж.²

¹докторант, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Талдықорған, Қазақстан, e-mail: baymukhambetova.kuralay@bk.ru

*²PhD, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан, e-mail: asel.esnazar@mail.ru

Андатпа. Педагогикалық процесте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті зерттеу мәселесі. Себебі жаңашылдыққа деген белсенділік, кәсіби іс-әрекетті меңгеруге деген талпыныс, инновациялық технологияларды саралап, бағалай алу қабілеті инновациялық кәсіби іс-әрекеттің негізін құрайды. Осыған орай, мақала авторлары болашақ мұғалімнің кәсіби сапасы мен әдістемелік тұрғыда дайындығын арттыруда инновациялық технологиялардың ролін қарастырады. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерделеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталады. Зерттеудің негізгі мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда Mindmapping технологиясы (ассоциограмма), Project based learning (жобаға негізделген оқыту) және тағы сол секілді технологиялардың маңыздылығын көрсету. Осы мақсатқа жету үшін оқу процесінде цифрлық платформаларды қолдана отырып ақыл-ой карталарын әзірлеу, жобалау әрекеттерін қалыптастыру және білімге негізделген жобалау технологиясының сәтті болуына әсер ететін үш әрекетті (көрме ұйымдастыру, бірнеше жоба даярлау, сын пікір білдіру) практикалық жұмыстар барысында ұйымдастыру мәселесі талданады. Сондай-ақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда инновациялық технологиялардың маңыздылығын анықтауға арналған эксперименттің қалыптастырушы кезеңдерінің бірі беріледі. Экспериментке І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В130100 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 56 білім алушылары қатысып, зерттеу нәтижелеріне талдау ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде инновациялық технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталады.

Тірек сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімі, инновациялық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекет, инновациялық технология, ақыл-ой картасы, жобалау, жаңашылдық, цифрлық ресурс

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесіне байланысты: «...дамыған елдерде мұғалім өзінің кәсіби деңгейін тек ресми оқыту аясында ғана емес, сонымен қатар бейресми түрде тренингтерге, вебинарларға, мастер-класстарға қатысу, әріптестерімен өзара әрекеттесу, мектептегі ішкі оқыту нысандарына қатысу арқылы арттырады» деп көрсетеді

[1]. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыда сапасын жақсарту мен әдістемелік тұрғыда дайындығын күшейтудің маңыздылығын арттырады. Ендеше, бүгінгі таңдағы білім мобильді, жаңашылдыққа құштар, кәсіби бағытын нақты білетін, жаңа нәрселерге ашық және инновациялық белсенділік көрқараспен қарайтын мұғалімге бағытталған. Олай болса, педагогикалық процесте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру өзекті болып табылады.

Қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби қызметінің ең жоғары деңгейі - педагогикалық жаңашылдық. Олай деуге негіз бар, себебі педагогикалық жаңашылдық әдістемелік түрде оқыту мен тәрбиелеу процесінде жаңа, прогрессивті идеяларды, қағидаттар мен инновациялық технологияларды ұсынуды, іске асыруды және олардың сапасын едәуір арттыруды қамтиды.

Инновациялық педагогикалық технологиялар адамзат дамуының басым тенденцияларының бірі болып табылады, нақты және өте күрделі, арнайы білімді, дағдыларды, қабілеттерді қажет етеді. Инновацияларды енгізу жүйелі ойлауы, шығармашылығы дамыған, қабілеті инновацияларға қалыптасқан және саналы дайындығы бар зерттеуші мұғалім [2].

Негізгі ережелер

Қазақстанда мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері Ш.Т.Таубаева [3], К.Ж.Бұзаубақова [4], Қ.М.Нағымжанова [5], Б.Т.Барсай [6] және жаңа форматта дайындалған ғалымдар М.Н.Оспанбекова [7], Ж.Стамбекова [8] және Ү.Нісілмәз [9] М.Fang, [10] және т.б. шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Ш.Т.Таубаева оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлаудың қадамдарын ұсынады [3,б.15]: бірінші - педагогикалық процесті жүзеге асыруда кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге деген алғашқы қадамы жасалады; екінші - педагогикалық инновациялық білім беру технологиялардың қыр-сырымен танысады; үшінші - инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру нәтижесінде инновациялық авторлық бағдарлама әзірлеуге қатысады; төртінші - кәсіби іс-әрекетке талдау жүргізу арқылы инновациялық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған қадам жасалады.

К.Ж.Бұзаубақова мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық, зерттеушілік, әдістемелік, инновациялық технологиялық, шығармашылық және т.с.с іс-әрекет деңгейлерін ұсынады. Бұл ұсынған деңгейлерді зерттеу жұмысымыздың өлшемдері мен көрсеткіштерін құруда басшылыққа аламыз.

Сондай-ақ, Ү.Нісілмәз зерттеулері білім беру жүйесінде мектеп мұғалімдерінің басқару деңгейлерін және инновацияларды басқару аспектілерін анықтауға бағытталған. Ал, Т.Ббюзен жаңашылдыққа, шығармашылыққа, интеллектуалды ойлауға бағытталған инновациялық технологиялардың түрлерін ұсынады.

Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда инновациялық технологияларды

қолданудың маңыздылығы зор. Әсіресе тілге бағытталған сабақтарындағы инновациялық технологиялар жұмыстың жеке, топтық, ауызша және жазбаша нысандарын біріктіреді, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қолдануға бағытталады. Біз ұсынатын *Mindmapping технологиясы (ассоциограмма)*, *Task-based learning (тапсырмаға негізделген оқыту)*, *Cooperative learning (ынтымақтастықта оқыту)*, *Project based learning (жобаға негізделген оқыту)* технологиялары білім алушылардың жаңашылдыққа ұмтылуын жетілдіріп, білімін толықтырып, инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын зерделеу барысында ғылыми әдебиеттерге талдау жүргіздік. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің (бұдан әрі қарай ББСМ) инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдерін және көрсеткіштерін анықтадық. Ендеше, оларды қарастырайық.

ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда *мотивациялық компонент* негіз болады. Себебі, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда инновацияға, жаңашылдыққа, креативтілікке бетбұрысы жаңа серпін алып келетіні сөзсіз. Демек, білім алушының ішкі мотивін анықтауға, кәсіби деңгейде білімін арттыруға, жаңашылдыққа ұмтылуға деген белсенділігін анықтайды. Өлшем ретінде біз «инновациялық жаңашылдыққа қызығушылық» деп бөлдік. Бұл өлшемнің көрсеткіштері: инновациялық кәсіби қызметінде жаңашылдыққа деген құштарлық; инновациялық технологияларды меңгеруге деген белсенділік; өзін-өзі кәсіби тұрғыда дамытуға деген талпыныс.

ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың келесі компоненті - бұл инновациялық кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық процесс үшін қажетті инновациялық технологияларды танып, сараптай алуы және жеткілікті әдістемелік білімді қаруландыруды көздейтін *мазмұндық компонент*. Өлшем ретінде біз «инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы білім» деп атап өтеміз, келесі көрсеткіштерде көрсетілген: инновациялық кәсіби іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттері туралы қабілеті; инновациялық технологиялардың түрлері мен негізгі жүйелерін меңгергендігі туралы білімі; инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті әдістерді, тәсілдерді және құралдарды білуге деген жаңашылдығы.

Іс-әрекеттік компонент - инновациялық кәсіби іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша педагогикалық процессті жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүзеге асыруға байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру нәтижелерін сипаттайды. Өлшемі ретінде біз «инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру білігі» деп бөлеміз, оның көрсеткіштері: инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруы; инновациялық технологияларды талдап, саралап, бағалай алу қабілеті; инновациялық кәсіби іс-әрекетті оқу процесінде және өзіндік жұмыстарды жоспарлай және ұйымдастыра алу білігі.

Осылайша, ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетті қалыптастырудың келесі өлшемдері мен көрсеткіштерін ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдері мен көрсеткіштері
1	2
Мотивациялық	<p>Инновациялық жаңашылдыққа қызығушылық</p> <ul style="list-style-type: none"> - инновациялық кәсіби қызметінде жаңашылдыққа деген құштарлық; - инновациялық технологияларды меңгеруге деген белсенділік; - өзін-өзі кәсіби тұрғыда дамытуға деген талпыныс.
Мазмұндық	<p>Инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы білім</p> <ul style="list-style-type: none"> - инновациялық кәсіби іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттері туралы қабілеті; - инновациялық технологиялардың түрлері мен негізгі жүйелерін меңгергендігі туралы білімі; - инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті әдістерді, тәсілдерді және құралдарды білуге деген жаңашылдығы.
Іс-әрекеттік	<p>Инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру білігі</p> <ul style="list-style-type: none"> - инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруы; - инновациялық технологияларды талдап, саралап, бағалай алу қабілеті; - инновациялық кәсіби іс-әрекетті оқу процесінде және өзіндік жұмыстарды жоспарлай және ұйымдастыра алу білігі.


Сондықтан, бұл көрсеткіштер білім алушылардың жаңашылдыққа деген оң көзқарасын арттыруға бағытталады, сондай-ақ, инновациялық кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда инновациялық білім беру технологияларын меңгерудің және саралап, бағалай алудың қажеттілігін көрсетеді. Ендеше, біздің міндетіміз инновациялық кәсіби іс-әрекет туралы ғылыми-педагогикалық білім қалыптастырып, педагогтік қызметінде инновациялық білім беру технологияларын меңгеруге, жаңашылдыққа, шығармашылыққа бейімделудің және өзінің кәсіби іс-әрекетіне баға беруге, инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін түсінуге, проблемалардың шешімін табуда, ақпаратпен жұмыс жасауда мүмкіндік беретін жолдарды таныту.

Олай болса, біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі әдісі білім алушылармен сауалнама жүргізуді, сауалнама деректерін түсіндіруді, оқытудың инновациялық әдістерін практикалық тұрғыда қолдану нәтижелерін қорытындылауды қамтитын сипаттамалық әдіс болып табылады. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу процесіне қатысу барысында, яғни құжаттарды, сауалнама, сұхбаттасу, анкета, тест жұмыстарын жүргізу арқылы оқытушы мен білім алушылардың қызметін талдау кезінде біз жоғарыда ұсынған инновациялық технологиялар университеттің педагогикалық процесінде тиімді нәтиже беретіндігіне көз жеткіздік. Бұл технологиялар зерттелінетін мәселесінің негізгі элементтерін

қамтып ғана қоймай, сондай-ақ білім алушылардың инновациялық кәсіби іс-әрекетін цифрлық білім беру жағдайында қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сабақ барысында *Mindmapping технологиясын (ассоциограмма)* қолдану білім алушылардың ой ұшқырлығын дамытуға, жаңа идеяны құра білуге, ерекше дүние ойлап табуға, ойды жүйелі түрде жеткізуге, ақпаратпен жұмыс жасау және оны өңдеуге бағытталады. Т.Бьюзеннің зерттеуінше, бұл технология ақпаратты жан-жақты аналитикалық тұрғыда талдауды қамтамасыз ететін, жаңа идеяларды қалыптастыруға, айқын емес шешімдерді табуға және өнімсіз нұсқалардан бас тартуға көмектесетін құрал [10, с. 7].

Mindmapping технологиясының бірнеше атауларын төмендегі суретте (сурет 1) ұсынамыз.



Сурет 1 - «Mindmapping» технологиясының атаулары

«Mindmapping» технологиясын қолдану арқылы практикалық тәжірибе мен зерттеу нәтижелері ақыл-ой карталарын жасау техникасы барлық жастағы білім алушыларға зейін мен түсіну деңгейін арттыруға, ақпаратты тезірек есте сақтауға, жаңашылдыққа, жаңа идея құра білуге, өзін сенімді сезінуге қалай көмектесетінін көрсетеді. Инновациялық әрекетті жоспарлаудың тиімді құралы бола отырып, ақыл-ой карталары әсіресе кәсіби қызмет пен білім алуға пайдалы болатыны сөзсіз.

А.Дилиптің айтуынша, «... ақыл-ой карталарының көмегімен техникалық сұрақтарға талдау жасадым, заңдылықтарды бөліп алдым, деректерді жүйелеу мәселесінің мәнін түсіндім, ... егер сіз ақыл-ой карталарын құрсаңыз, онда ойлау қабілетіңіз артады!» деп тұжырымдайды. Картаға мақсаттар, жұмыс кестесі, міндеттер, критерийлер, сапа, жоспар, ресурстар, қорытынды нәтижелерге арналған бағыттар кіреді.

Сондай-ақ, ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында *Project based learning* технологиясын қолдануға мүмкіндік бар. Себебі, бұл технологияны қолдануда білім алушылар күрделі сұрақты, мәселені немесе қиындықты зерттеу арқылы үйренетін оқыту әдісі. Яғни, ойлаудың жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін белсенді түрі. Мұнда білім алушылар нақты мәселелерді зерттей отырып, нәтижесінде жауап алады.

Сондай-ақ, білім алушылар жобаны басқара отырып, жобаның қалай аяқталатынын, яғни соңғы өнімді бақылауға мүмкіндік алады.

М.Фангтің зерттеуі инновациялық инвестициялық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған топтық жұмысты басқаруға арналған онлайн-коммуникациялық қызметтердің мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған [11].

Білім алушылардың инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында жобалау әрекетін ұйымдастыра отырып, біз келесідей түрлерін қарастырдық: *конструктивті* - білім алушылар әлеуметтік өмірге қатысты кейбір нәрселерді схема, модель, карта және т.б. құрастырады; *көркем* - бұл жобалар музыка, сурет, бейнелеу өнері және мәдениет сияқты өмірдің эстетикалық салаларына қатысты; *мәселелерді шешу* - бұл жобалар кез келген өмірлік жағдайға немесе тақырыпқа байланысты мәселелерді шешуге арналған; *топтық жұмыс* - топта орындау. Білім алушылар тобына, мысалы, мектепте бақшаны жабдықтау бойынша орындалуы керек жұмыс жүктеледі.

Project based learning технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтсек (сурет 2).

КЕМШІЛІКТЕРІ	АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ
<ul style="list-style-type: none">• жобаны барлық пәндер үшін жоспарлау мүмкін емес• жобалау уақыт пен шығын тұрғысынан үнемді емес• мұғалімге оқушыларға арналған жобаларды жоспарлау және бақылау өте қиын туғызады	<ul style="list-style-type: none">• әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды дамытады• пәннің әртүрлі элементтерін байланыстыруға мүмкіндіктер береді• ынтымақтастық нәтижесінде білімді кеңейтуге өте тиімді• инновациялық әрекетті ұйымдастыруға тиімді

Сурет 2 - «Project based learning» технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері

Білімге негізделген жобалау технологиясының сәтті болуына әсер ететін үш кілтті қарастырайық.

Біріншісі, *көрме жобасын* ұйымдастыру. Білім алушылар көрмелерді мұражайлар, галереялар, саябақтар, қоғамдық орталықтар және т.б. орындарда өткізуге болады. Инновациялық әрекетке бағытталған көрме жобасын ұйымдастыруда көрмені насихаттауды, яғни креативті плакаттар дайындауды, парақшалар таратып, әлеуметтік желілердегі сілтемелерді пайдаланып, жергілікті радио және теледидар станцияларымен байланысқа шығуды қамтамасыз етеді. Бұл университет мен қоғамдық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді.

Екіншісі, *бірнеше жобаларды* ұйымдастыру. Рон Бергердің айтуынша, бірнеше жобаға уақыт бөлу қиын, сондықтан нақты жоба кестесін жасау өте маңызды себептердің бірі екенін түсіндіреді. Көптеген жобалар бағалауды жекелендіру үшін де құнды, өйткені олар білім алушының соңғы өнімін ғана

емес, сонымен қатар оның алғашқы жобадан бастап жұмысын қаншалықты жақсартқанын бағалауға мүмкіндік береді.


Үшіншісі, жобаға *сын* білдіру. Бұл әсіресе білім алушылар жобаларды мұғалімге ұсынудың орнына бір-бірінің жобаларын сынағанда тиімді. Білім алушылар ресми сын сабақтарында құрылымдық, қауіпсіз контексте бір-бірінің жұмысынан және бір-бірінің пікірлерінен сабақ алуға мүмкіндік алады. Сыни талдау сеанстарының өзі сабақ болуы мүмкін. Сын жобаның күшті және әлсіз жақтарын атау ғана емес, сонымен қатар бұл жұмысты қалай жақсартуға болатынын анықтауды көздейді [12, p.67].

Ендеше, ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру инновациялық технологияларды меңгеріп, саралай білуді, жаңашыл әдіс-тәсілдерді игеруді ақпаратты талдап, жинақтап, бағалай білуге, проблемалық мәселелерді шешуге, инновациялық әрекетке бағытталған әр түрлі тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. Атап айтсақ: ақыл-ой картасын құру, жоба жасау (топпен және жеке), жобаға сын пікір білдіру, көрме жобасын ұйымдастыру, цифрлық ресурстарды қолдану арқылы бағдарлама құру, зерттеу тақырыбы бойынша есеп құрастыру, пресс-конференция ұйымдастыру, мәтіндерді талдау, сұрақтар желісін ұйымдастыру және т.б. тапсырмалар ұсынылады. ББСМ инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға арналған тапсырмалар педагогикалық жаңашылдыққа оқыту процесінде жаңа, прогрессивті, креативті идеяларды ұсынуға және іске асыруға бағытталған. Мұнда инновациялық технологияларды меңгеру маңызы рөл атқарады.

Нәтижелер және талқылау

Ендігі кезекте, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі туралы болжамның дұрысығын дәлелдеу мақсатында біз І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В130100 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 56 білім алушыларымен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде инновация, кәсіби іс-әрекетті түсінуге бағытталған сауалнама, тест және кесінді тапсырмалар ұсынылды. Білім алушылардың кесінді тапсырмалардың нәтижелерін талдай отырып, біз эксперименттің анықтау кезеңінің нәтижелерін диаграмма түрінде ұсынамыз (сурет 3).



Сурет 3 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің деңгейі

Жоғарыдағы суретте көріп отырғанымыздай, білім алушылардың инновациялық кәсіби іс-әрекет нәтижелерінің деңгейі: бақылау тобы білім алушыларының жоғары деңгейі 10 пайызды, ал орта деңгейі 50 пайызды, төменгі деңгейі 40 пайызды құрайды. Тәжірибелік тобы білім алушылардың 12 пайызы жоғары деңгейді, 52 пайызы орта деңгейді, 36 пайызы төменгі деңгейді көрсетті. Бақылау және тәжірибелік тобының білім алушыларының шамамен 40 пайызы тапсырманы орындай алмады. Атап өтсек, төмен деңгейдегі білім алушылар тапсырмаларды мүлдем орындай алмады. Олай болса, біз эксперименттің қалыптастыру кезеңінде инновациялық кәсіби іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған оқытудың инновациялық технологиялар кешенін сынап көрдік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде оқу процесіне оқытудың инновациялық технологияларын енгізе отырып, жеті сабақ өткізілді. Бұл технологияларды жаңа материалды талқылау және үй тапсырмасын орындау барысында қолданды. Ендеше, оқу процесінде қолданылған инновациялық технологияларға тоқталайық.

Mindmapping технологиясының «Ақыл-ой картасын» қолдандық. Мысалы, «Иноватор мұғалімдер» атты тақырыпта дәріс тыңдау немесе алдын ала дайындалған мәтін арқылы ақыл-ой картасын жасау ұсынылды. Бұл әзірленген ақыл-ой карталары өзіндік ерекшелік, тартымдылық, түстерді қолдану, әзіл мысал, қиял, сөз тіркестерін қолдану және т.б. көрсеткіштер бойынша бағаланды. Сондай-ақ, білім алушыларға «Ы.Алтынсарин - инноватор педагог», «Абай - инноватор педагог» тақырыбы бойынша топтық жұмыста ақыл-ой картасын жасау ұсынылды (сурет 4).

уақытының икемділігін арттырады және мұғалім мен білім алушының өзара әрекеттесуін жақсартатынын атап өткен [13].

И.Лииса және М.Лаккала цифрлық технологияны қолданудың өзіндік тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік беретін зерттеулерге негізделген цифрлық мектеп моделін ұсынады [14]. Авторлардың ұсынған моделі болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін жақсартудың негізгі элементтерін сипаттайтын көрсеткіштері мен олардың ең жақсы тәжірибелері негізге алынуы тиіс деп санаймыз. Себебі, болашақ маман тек білім беріп қана қоймай, инновациялық кәсіби тұрғыда цифрлық технологияларды меңгеруді қажет етеді.

Сонымен қатар, эксперименттің қалыптастыру кезеңінде *Project based learning* (жобаға негізделген оқыту) технологиясын қолдандық.


Жобалау әрекетін ұйымдастыру барысында білім алушыларға ұсынылатын тақырыптар инновациялық кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі қырларын қалыптастыруға тікелей байланысты. Мысалы: «4 сынып қазақ тілі оқулығына талдау жасау» жобасын ұсынамыз. Оқулықты талдау арқылы инновациялық әрекетке бағытталған тапсырмаларды саралау, ақын-жазушылардың шығармаларының идеясын инновациялық тұрғыда талдай білуге, болашақ маман ретінде өз стратегиясын ұсынуға, өз идеясын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге, жаңа идеяларды ұсынуға мүмкіндігі бар. *Біріншіден*, 4 сыныпта оқытылатын шығармалар туралы көрме жобасын үш бағытта, яғни, ақын-жазушылардың инновациялық идеясы, стратегиясы және іс-әрекеті талданып, білім алушылар топпен бірге инновациялық сарапшылық қабілетін көрсете алды. *Екіншіден*, жобаның кестесін яғни, әрбір инновациялық әрекеттің кезеңдері ретімен құрылды. *Үшіншіден*, білім алушылар ішінен іріктелген сарапшылар ғылыми негізге сүйене отырып кәсіби инновациялық тұрғыда сыни пікір білдіріп, жобаны жақсартудың жолдарын көрсетті. Сонымен қатар, жобаны жоспарлауға, тапсырмаларды беруге, ресурстарды бөлуге, басшылыққа және қорытынды нәтижеге дейінгі бірқатар кезеңдерді басқаруда инновациялық технологияның бірі ақыл-ой картасы жобаны басқарудың кез келген кезеңінде баға жетпес көмекші құрал бола алатынына көзі жетті. Сондай-ақ, жобалар презентация ретінде орындалып, оларды қорғау ғылыми үйірмелердің отырысында да өтеді [15].

Жалпы біздің ойымызша, бұл атқарылған жұмыстар болашақ маманның кәсіби тұрғыда қалыптасуында, оқу үдерісінде инновациялық әрекетке даярлығында, өзіндік инновациялық әрекеттің авторы болуында, инновациялық орта құруға қажеттілігін дәлелдей алды.

Қорытынды

Тәжірибелік-эксперименттің бақылау кезеңінде алынған нәтижелерді диагностикалау, талдау және жалпылау негізінде біз *Mindmapping технологиясы* (ассоциограмма), *Task-based learning* (тапсырмаға негізделген оқыту), *Cooperative learning* (ынтымақтастықта оқыту), *Project based learning* (жобаға негізделген оқыту) технологиялары және т.б. технологиялардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби

инновациялық іс-әрекетін қалыптастыруға оң әсерін анықтадық. Инновациялық технологиялардың тиімділігін анықтау және жұмыстың нәтижесін алу мақсатында айқындау кезеңінде жүргізілген диагностикалық жұмыстар қайта жүргізілді (сурет 6).



Сурет 6 - Эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекеті деңгейінің нәтижелері

Нәтижесінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің деңгейі эксперименттен кейін айтарлықтай жоғарылағанын байқаймыз. Демек, қалыптастыру эксперименті кезеңінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғандығын көрсетеді. Ендеше, зерттеу жұмысының болжамы дәлелденді деуге негіз бар. Жалпы алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби инновациялық іс-әрекетін қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолдану нәтижелері білім алушылардың жаңашылдыққа ұмтылуын, кәсіби өсуіне инновациялық әрекеттің қажет екенін және оны дамыту керектігін көрсетті.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941/links> [Қаралған күні: 04.01.2023].

[2] Пальтов А.Е. Инновационные образовательные технологии: Учебное пособие. – Владим. Гос. ун-т им. А.Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2018. – 119 с.

[3] Таубаева Ш.Т. Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер //«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау: құзыреттілік, технология және инновация» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019. – Б. 3-16

[4] Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 395 б.

[5] Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 345 б.

[6] Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Шымкент, 2010. - 349 б.

[7] Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау: филос. док. (PhD) ... дис. - Алматы, 2018. – 181 б.

[8] Стамбекова Ж.К. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 169 б.

[9] Nicuilmaz Yasin, Şahin Semiha. Öğretmen Algılarına Göre Okul Müdürlerinin Yenilik Yönetimi Düzeyleri1. - Buca Eğitim Fakültesi Dergisi, 2020. - sayı 50. - s. 243-257

[10] Тони Бьюзен. Интеллект-карты. Полное руководство по мощному инструменту мышления: Манн, Иванов и Фербер; Москва; 2019. - 113 с.

[11] of STEM: The Use of Online Communication Services to Manage Teamwork in Project-Based Learning Fang, M., Jandigulov, A., Snezhko, Z., Volkov, L., & Dudnik, O. New Technologies in Educational Solutions in the Field Activities. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). - 2021. - 16(24), pp. 4–22. Access mode: URL: <https://doi.org/10.3991/ijet.v16i24.25227> [Date of access: 05.01.2023].

[12] Alec Patton, Jeff Robin Work that matters The teacher’s guide to project-based learning /Published by the Paul Hamlyn Foundation February 2012. - 110 p.

[13] Wang, X., Sun, H., & Li, L. An Innovative Preschool Education Method Based on Computer Multimedia Technology. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). - 2019. - 14(14). - pp. 57–68.

[14] Ilomäki, L., Lakkala, M. Digital technology and practices for school improvement: innovative digital school model. – RPTEL, 2018. - pp.13-25.

[15] Кабенова Д.М., Ускенбаева С.Т. Применение инновационных методов обучения как условие формирования вторичной языковой личности //Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». - 2022. - №2 (106). - С.116-127.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyń 2022 – 2026 jylдарға арналған түйырымдамасы. (Concept for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2022-2026). Kirw rejimi: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P22000000941/links> [Qaralğan күni: 04.01.2023]. [in Kaz.]

[2] Pältov A.E. İnnovasionnye obrazovatelnye tehnologii. (Innovative educational technologies).- Uchebnoe posobie. – Vladim. Gos. un-t im. A.G. Stoletovyh. – Vladimir: İzd-vo VIGU, 2018. – 119 s. [in Rus.]

[3] Таубаева Ş.Т. Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер//Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби дайындау: құзыреттілік, технология және инновация» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы (Innovative culture of a high school teacher: strategies, paradigms, competencies//collection of materials of the Republican scientific and methodological conference «professional training of teaching staff in the context of updating the content of Education: competence, technology and innovation»). – Атырау: H.Dosmūhamedov атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019. – В. 3-16. [in Kaz.]

[4] Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері (Theoretical and methodological foundations of the formation of a teacher's readiness for innovative activities): пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 395 б. [in Kaz.]

[5] Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері (Scientific foundations of the formation of

pedagogical creativity of university students in an innovative educational environment): ped. ғыл. dok... dis.: 13.00.01. – Almaty, 2010. – 345 b. [in Kaz.]

[6] Barsai B.T. Bolaşaq bastauyş synyp mūğalımnıñ kāsıbi-didaktikalıq qūzyrettılıgın qalyptastyruyñ ғыlymi – pedagogikalıq negızderı (Scientific and pedagogical foundations of the formation of professional and didactic competence of the future primary school teacher): ped. ғыл. dok. ... dis. - Şymkent, 2010. - 349 b. [in Kaz.]

[7] Ospanbekova M.N. Bolaşaq bastauyş synyp mūğalımderin innovasiyalıq tehnologialar negızinde oquşylardyñ refleksiasyn damytuğa daiarlau (Preparing future primary school teachers for the development of students ' reflection on the basis of innovative technologies): filoz. dok. (PhD) ... dis. - Almaty, 2018. – 181 b. [in Kaz.]

[8] Stambekova J.K. Jañartylğan bılıм mazmūny jaǵdaiynda bolaşaq bastauyş synyp pedagogterin innovasiyalıq äreketke daiarlau. (Preparation of future primary school teachers for innovative activities in the context of updated educational content). : filoz. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2022. – 169 b. [in Kaz.]

[9] Hıcyılmaz Yasin, Şahin Semiha. Öğretmen Algılarına Göre Okul Müdürlerinin Yenilik Yönetimi Düzeyleri (Innovation Management Levels of School Principals According to the Perceptions of Teachers). - Buca Eğitim Fakültesi Dergisi, 2020. - sayı 50. - s. 243-257. [in Turkish]

[10] Toni Büzen. İntelekt-karty. Polnoe rukovodstvo po moşnomu instrumentu myşlenia. (Intelligence cards. A Complete Guide to a Powerful Thinking Tool): Mann, İvanov i Ferber. - Moskva; 2019. - 113 s. [in Rus.]

[11] Fang, M., Jandigulov, A., Snezhko, Z., Volkov, L., & Dudnik, O. New Technologies in Educational Solutions in the Field of STEM: The Use of Online Communication Services to Manage Teamwork in Project-Based Learning Activities. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). - 2021. - 16(24). -PP. 4–22. - Access mode: URL: <https://doi.org/10.3991/ijet.v16i24.25227> [Date of access: 05.01.2023].

[12] Alec Patton, Jeff Robin Work that matters The teacher’s guide to project-based learning / Published by the Paul Hamlyn Foundation February 2012. - 110 p.

[13] Wang, X., Sun, H., & Li, L. An Innovative Preschool Education Method Based on Computer Multimedia Technology. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). - 2019. - 14(14). - PP. 57–68.

[14] Ilomäki, L., Lakkala, M. Digital technology and practices for school improvement: innovative digital school model. – RPTEL, 2018. - PP.13-25.

[15] Kabenova D.M., Uskenbaeva S.T. Primenenie innovatsionnykh metodov obuchenia kak uslovie formirovaniya vtorichnoi iazykovoı lichnosti. (The use of innovative teaching methods as a condition for the formation of a secondary linguistic personality). //Vestnik Karagandinskogo universiteta, Seria «Pedagogika». - 2022. - №2(106). -S.116-127. [in Rus.]

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Баймухамбетова К.М.¹, *Есназар А.Ж.²

¹докторант, Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова,
Талдыкорган, Казахстан, e-mail: baymukhambetova.kuralay@bk.ru

*²PhD, Южно-Казахстанский государственный педагогический
университет, Шымкент, Казахстан, e-mail: asel.esnazar@mail.ru

Аннотация. Формирование инновационной профессиональной деятельности будущих учителей начальных классов в педагогическом процессе - актуальная исследовательская проблема современной системы образования. Потому что активность в инновациях, стремление к овладению профессиональной деятельностью, умение

анализировать и оценивать инновационные технологии составляют основу инновационной профессиональной деятельности. В этой связи авторы статьи рассматривают роль инновационных технологий в повышении профессиональных качества и методической готовности будущего учителя. В ходе изучения научных трудов отечественных и зарубежных ученых определяются компоненты, критерии и показатели формирования инновационной профессиональной деятельности будущих учителей начальных классов. Основная цель исследования - показать важность технологии Mindmapping (ассоциограмма), Project based learning (проектное обучение) и т.п. в формировании инновационной профессиональной деятельности будущих учителей начальных классов. Для достижения этой цели анализируется проблема организации в учебном процессе практической работы по разработке интеллект-карт с использованием цифровых платформ, организации проектной деятельности и трех видов деятельности (организация выставки, подготовка нескольких проектов, критическое высказывание), влияющих на успех технологии проектирования, основанной на знаниях. В качестве примера описан один из формирующих этапов эксперимента по определению значимости инновационных технологий в формировании инновационной профессиональной деятельности будущего учителя начальных классов. В эксперименте приняли участие 56 обучающихся образовательной программы 6В130100 - «Подготовка учителя педагогики и методики начального обучения» Жетысуского университета им.И. Жансугурова. В статье представлен анализ результатов исследования, который показал значимость роли инновационных технологий в формировании инновационной профессиональной деятельности будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: будущий учитель начальных классов, инновационная деятельность, профессиональная деятельность, инновационные технологии, интеллектуальная карта, проектирование, инновация, цифровой ресурс

INNOVATIVE TECHNOLOGIES AS A MEANS OF FORMING INNOVATIVE PROFESSIONAL ACTIVITY OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Baimukhambetova K.M.¹, *Yesnazar A.²

¹Doctoral student, Zhetysuskyi University named after Ilyasa Zhansugurova, Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: baymukhambetova.kuralay@bk.ru

*²PhD, South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: asel.esnazar@mail.ru

Abstract. The formation of innovative professional activity of future primary school teachers in the pedagogical process is an actual research problem of the modern education system. Because the activity in innovation, the desire to master professional activity, the ability to analyze and evaluate innovative technologies form the basis of innovative professional activity. In this regard, the authors of the article consider the role of innovative technologies in improving the professional quality and methodological readiness of the future teacher. In the course of studying the scientific works of domestic and foreign scientists, the components, criteria and indicators of the formation of innovative professional activity of future primary school teachers are determined. The main purpose of the study is to show the importance of Mindmapping technology (associogram), Project based learning, etc. in the formation of innovative professional activity of future primary school teachers. The main purpose of the study is to show the importance of Mindmapping technology (associogram), Project based learning, etc. in the formation of innovative professional activity of future primary school teachers. To achieve this goal, the problem of organizing practical work in the educational process of developing intelligence maps using digital platforms, organizing project activities and three types of activities (organizing an exhibition, preparing several projects, critical statements) that affect the success of knowledge-

based design technology is analyzed. As an example, one of the formative stages of the experiment to determine the importance of innovative technologies in the formation of innovative professional activity of a future primary school teacher is described. 56 students of the educational program 6B130100 - «Teacher training of pedagogy and methods of primary education» of Zhetysu University named after I.Zhansugurov took part in the experiment. The article presents an analysis of the results of the study, which showed the importance of the role of innovative technologies in the formation of innovative professional activity of future primary school teachers.

Keywords: future primary school teacher, innovative activity, professional activity, innovative technologies, mental map, design, innovation, digital resource

Статья поступила 11.01.2023